БЕКІТЕМІН
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Басқарма мүшесі –
ғылыми-инновациялық
қызмет жөніндегі проректор
_____ М.Қ. Ибраимов
«___» _____ 2026 ж.

Диссертациялық кеңестің онлайн (бейнеконференция) форматындағы отырысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әзірленді және диссертациялық кеңестің диссертация қорғау жөніндегі отырысын бейнеконференция форматында өткізудің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында қабылданды.

2-тарау. Диссертация қорғауды бейнеконференция форматында ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар

2. Диссертациялық кеңес диссертациялық кеңес отырысының бейнеконференция форматында өткізілетіні туралы докторантты, диссертациялық кеңес мүшелерін және ресми рецензенттерді қорғау күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын электрондық пошта арқылы және кеңестің ресми сайтында хабарландыру орналастыру арқылы хабардар етеді.

3. Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция форматында өткізу кезінде мыналар қамтамасыз етіледі:

- отырысқа қатысушылардың тұлғасын визуалды сәйкестендіру;
- интернет желісі арқылы қатысушылардың сөз сөйлеуінің үздіксіз бейне және дыбыс трансляциясы;
- отырыстың бейне және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

3-тарау. Диссертация қорғауды бейнеконференция форматында ұйымдастыру

4. Диссертацияны бейнеконференция форматында қорғау қолжетімді онлайн-платформалардың (Zoom, Microsoft Teams және басқа да платформалардың) бірінде өткізіледі.

5. Диссертация қорғауды бейнеконференция форматында ұйымдастыру мақсатында диссертациялық кеңестің барлық мүшелері, ғылыми консультанттар, ресми рецензенттер және докторант қорғауға дейін өздерінің компьютерлеріне тиісті бағдарламаны (мысалы, Zoom (https://zoom.us/)) орнатуға, веб-камерасы, динамиктері немесе құлаққабы, микрофоны бар компьютердің болуын қамтамасыз етуге міндетті. Ұялы телефонды пайдалану ұсынылмайды.

6. Бейнеконференцияға қосылған кезде докторант, диссертациялық кеңестің мүшелері, ғылыми консультанттар, ресми рецензенттер және отырысқа қатысушы өзге де тұлғалар сәйкестендіру мақсатында бейнекамераны міндетті түрде қосып, өзінің тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда) көрсетеді.

7. Отырыс басталғанға дейін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың және диссертациялық кеңес мүшелерінің жеке басын сәйкестендіруді жүргізеді. Докторант қорғау кезінде бөлмеде жалғыз болуы тиіс. Қорғау үшін тікелей пайдаланылатын құрылғылардан басқа электрондық құрылғылардың болуына жол берілмейді. Докторант онлайн режимде қорғау барысында орналасқан бөлмені көрсетеді. Бөгде заттар анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің талабы бойынша оларды бөлмеден алып шығуға міндетті.

8. Қорғау басталғанға дейін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы мен докторант онлайн қорғау барысында көрсету үшін баяндама презентациясының, пікірлердің, рецензиялардың, қорытынды жобасының және басқа да қажетті құжаттардың электрондық нұсқаларының дайын болуын тексереді.

9. Қорғаудың бейнежазбасы бағдарламаның тиісті функциялары арқылы диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы мен докторант тарапынан жүзеге асырылады. Жазбаны бір мезгілде бірнеше компьютерге жазу ұсынылады. Бағдарламаның істен шығу тәуекелін болдырмау мақсатында экранды жазып алуға арналған арнайы бағдарламаны (қашықтан қорғауды бейнежазуға арналған), мысалы, ISpring Free Cam бағдарламасын орнату ұсынылады. Қорғау кезеңінде ғалым хатшы бейнежазбаны қамтамасыз ету үшін экранды жазу бағдарламасын іске қосады.

10. Бір қатысушы сөз сөйлеп тұрған кезде қалған қатысушылар кедергілерді барынша азайту мақсатында микрофондарын өшіреді.

11. Сұрақ қоюға ниет білдірген қатысушы қолын көтереді немесе платформаның тиісті функциясын (мысалы, Zoom платформасындағы «Қол көтеру» функциясын) пайдаланады.

4-тарау. Диссертацияны бейнеконференция форматында қорғауды өткізу тәртібі

12. Диссертациялық кеңес отырысына төрағалық етуші кворумның бар екендігін, отырысты өткізудің заңдылығын жариялайды, сондай-ақ докторантты, даярлау бағытын (мамандығын), диссертация тақырыбын, ғылыми

консультанттарды және ресми рецензенттерді таныстырады.

13. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың жеке ісіндегі құжаттардың тізбесін және диссертациялық кеңеске ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін жариялайды.

14. Докторант өз баяндамасын ұсынып, бағдарламаның экран көрсету функциясы арқылы презентациясын көрсете отырып, диссертацияның негізгі мазмұны мен негізгі ғылыми нәтижелерін баяндайды.

15. Диссертациялық кеңес отырысына қатысушылар докторантқа сұрақтар қояды, ал докторант қойылған сұрақтарға жауап береді.

16. Ғылыми кеңесшілер сөз сөйлейді. Шетелдік ғылыми кеңесші қатыса алмаған жағдайда оның пікірі диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тарапынан оқылып, пікірдің электрондық нұсқасы экранда көрсетіледі.

17. Ресми рецензенттер сөз сөйлейді. Ресми рецензенттердің бірі дәлелді себеппен қатыса алмаған жағдайда оның рецензиясы диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тарапынан оқылып, рецензияның электрондық нұсқасы экранда көрсетіледі.

18. Докторант ресми рецензенттердің ескертпелеріне жауап береді және олардың ұсыныстары мен ұсынымдары бойынша қорытындысын баяндайды.

19. Бейресми пікірлер болған жағдайда оларды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы оқып, олардың электрондық нұсқаларын экранда көрсетеді.

20. Диссертациялық кеңес мүшелері арасында дискуссия өткізіледі.

21. Диссертациялық кеңес төрағасы жасырын дауыс берудің басталғанын жариялайды.

22. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің Gmail электрондық пошталарына Google Forms сервисіндегі сауалнамаға сілтемені жібереді.

23. Дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Gmail электрондық пошталарына жолдаған сілтеме арқылы Google Forms сервисінде жасырын дауыс береді.

24. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жасырын дауыс беру нәтижелерін экранда міндетті түрде көрсете отырып жариялайды.

5-тарау. Жасырын дауыс беруді ұйымдастыру

25. Диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция форматында өткізген кезде диссертация бойынша шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беру Google Forms сервисін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

26. Ережеге сәйкес дауыс беру құқығына ие диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер жасырын дауыс беруге қатысу үшін алдын ала Gmail электрондық пошта сервисінде жеке аккаунт ашуы тиіс.

27. Дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттер қорғау басталғанға дейін өз компьютерлерінде браузерлердің (Mozilla Firefox, Google Chrome, Opera және т.б.) бірінде Gmail аккаунтына кіріп, бейнеконференция аяқталғанға дейін браузерді жаппауы тиіс.

28. Қорғау басталғанға дейін дауыс беруге қатысушылар өздерінің Gmail электрондық пошта мекенжайларын диссертациялық кеңестің ғалым хатшысына ұсынады.

29. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы қорғау басталғанға дейін әрбір ізденуші үшін Google Forms сервисінде жеке электрондық дауыс беру нысанын жасайды.

30. Диссертациялық кеңес төрағасы жасырын дауыс берудің басталғанын жариялағаннан кейін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы дауыс беру құқығы бар диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің Gmail электрондық пошталарына Google Forms сервисіндегі дауыс беру сілтемесін жібереді.

31. Жасырын дауыс беру аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы дауыс беру нәтижелерін экранда көрсетіп, оның қорытындыларын жариялайды.

Әзірлеген:

Ғылыми кадрларды даярлау және
аттестаттау басқармасының басшысы Л.А. Куанова